

## **Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 20 қыркүйектегі № 204 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 26 қыркүйекте № 29827 болып тіркелді

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 болып тіркелді) бекітілген Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларының 8-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауары бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшері күнтізбелік тоқсан күн мерзімге 15 күннен кейін қайта қарау мүмкіндігімен бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының әкімі*

*К. Аксакалов*

Солтүстік Қазақстан облысы

әкімдігінің 2022 жылғы

20 қыркүйектегі № 204 қаулысына

қосымша

**Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшері**

--	--	--	--

№	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының атауы	Өлшем бірлігі	Бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшері
1	Картоп	1 килограмм	167 теңге
2	Басты пияз	1 килограмм	175 теңге
3	Ақ қауданды қырыққабат	1 килограмм	131 теңге
4	Майлылығы 2,5% айран, жұмсақ қаптамада	1 литр	272 теңге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК